

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің кезектен тыс
ғылыми кеңесінің 2023 жылғы 20 ақпандағы
№4 хаттамасынан көшірме**

Кеңес төрағасы: Н.Х.Серғалиев

Хатшысы: А.С.Ниетова

Қатысқандар: ғылыми кеңестің 22 мүшесі

Қатыспағандар: 3 (себепті)

Шақырылғандар: бөлім жетекшілері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жоғары оқу орнының аумағында сайлауалды шараларды өткізу мәселесі туралы. *Т.М.Дәрішева – тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректордың м.а.*

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректордың м.а. Т.М.Дәрішева ғылыми кеңес мүшелерін ҚР «Білім туралы» заңының 40-бабына сәйкес білім беру ұйымдары білім беру бағдарламаларын іске асыратын және (немесе) білім алушыларды, тәрбиеленушілерді бағып-күтуді және тәрбиелеуді қамтамасыз ететін заңды тұлғалар болып табылатыны, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 3-тармағында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының міндеті – ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасу мен дамуына бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қажетті жағдайларды жасау арқылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау екенімен таныстырып, кеңес мүшелерінен жоғары оқу орны аумағында қандай да бір саяси партиялардың сайлауалды шаралар өткізуі білім беру ұйымының заңнамада көзделген мақсаты мен міндетіне сәйкес келмейтінін, сонымен қатар профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың түрлі қоғамдық-саяси көзқарасты ұстануы мүмкіндігін атап көрсете келе, университет аумағында сайлауалды шаралардың өткізілуі білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қалыпты жағдайлар жасауға кедергі келтіретінін ескере отырып, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті аумағында саяси партиялардың сайлауалды шаралар өткізуіне рұқсат бермеуді сұрады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес мүшесі, А.А.Кульжумиева университет аумағында сайлауалды шараларға қатысушы оқытушылар өзінің педагогтық мәртебесімен қандай да бір саяси партияның пайдасына білім алушыларға ықпалы тиюі мүмкін екенін, ал мұның педагогтарға өз мәртебесін пайдакүнемдік ниетте не жеке мақсатта пайдаланудан аулақ болуы керектігі айтылған педагогикалық әдеп ережесінің 7-тарауының, 13-тармағын тікелей бұзу болып табылатынына тоқтала келе, білім беру ұйымының өз қызметінде Қазақстан Республикасының

заңнамаларында, Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларында белгіленген шекте ғана еркін екенін атап көрсете келе, ұсынысты қолдайтынын айтты.

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова Жоғары оқу орнының ғылыми кеңесі қызметінің үлгілік ережесінің 14-тармағының 1) тармақшасында ғылыми кеңестің мақсаты кәсіби оқу бағдарламаларын табысты іске асыру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы мен ЖОО-ның білім алушылары үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылатынын, сондықтан ЖОО-ның ғылыми кеңесі осы Ереженің 15-тармағының 14) тармақшасына (алқалы шешімді талап ететін ЖОО-ның ағымдағы қызметінің өзге де мәселелерін қарау) сүйене отырып, ЖОО аумағында саяси партиялардың сайлауалды іс-шаралар өткізуін болдырмау туралы шешім қабылдай алатынын айтып, ұсынысты дұрыс деп санайтынын білдірді.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті аумағында саяси партиялардың сайлауалды шаралар өткізуіне рұқсат берілмесін.

Кеңес төрағасы:

Ғылыми хатшы:



Серғалиев Н.Х.

Ниетова А.С.

«МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
<i>Н.Х. Серғалиевтің</i> <i>А.С. Ниетованың</i>
ҚОЛЫ ҚОЙЫЛҒАНДЫҒЫН СЕНДІРЕМІН
« 20 » 02 20 23 ж.
ӘКІМШІЛІК БӨЛІМІНІҢ ИНСПЕКТОРЫ <i>А</i>